



БҰЙРЫҚ

10.12.21 № 196-КК

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

город Нур-Султан

Технологиялық және техникалық-нормалау карталарын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 55 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі ережесінің 14-тармағының 27) және 29) тармақшаларына, «Құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттарды мақұлдау туралы» Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті Ғылыми-техникалық кеңесінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 36 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:
 - 1) ВЛ болат тіректері үшін іргетастардың біріздендірілген конструкцияларын монтаждауға арналған технологиялық карта;
 - 2) Электр берудің жоғары вольтті желілері үшін темірбетонды центрифугацияланған құрастырмалы тіректерді монтаждауға арналған технологиялық карта;
 - 3) Қуаты 300 кВт дейін чиллерлерді монтаждауға арналған технологиялық карта;
 - 4) Ғимараттардағы видеобақылау жүйелерінің жабдығын монтаждау жөніндегі техникалық-нормалау картасы;
 - 5) Қолжетімділікті бақылау жүйесі жабдықтарының кешенін монтаждау жөніндегі техникалық-нормалау картасы;
 - 6) Ғимараттарды электр жарықтандырудың ішкі жүйелерінің құрылғысы жөніндегі техникалық-нормалау картасы;
 - 7) Баспалдақ марштарын монтаждау және қаңқасыз-панельді ғимараттардағы баспалдақ алаңдарының плиталарын төсеу жөніндегі техникалық-нормалау картасы;
 - 8) Қаңқасыз-панельді ғимараттарындағы қабырға панельдерінің жіктерін бітеу жөніндегі техникалық-нормалау картасы;

9) Қаңқасыз-панельді ғимараттардағы жабындар плиталарын және балкондар элементтерін монтаждау жөніндегі техникалық-нормалау картасы;

10) Диаметрі 100 мм бастап 1000 мм дейін полимерлік құбырлардың жіктерін дәнекерлеу жөніндегі техникалық-нормалау картасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің (бұдан әрі – Комитет) Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Комитеттің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Комитет төрағасының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі Құрылыс және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
істері комитетінің төрағасы**



Т. Қарағойшин



БҰЙРЫҚ

10.12.21 № 196-КК

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

город Нур-Султан

Об утверждении технологических и технико-нормировочных карт

В соответствии с подпунктами 27) и 29) пункта 14 Положения республиканского государственного учреждения «Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан», утвержденного приказом Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 30 января 2019 года № 55, постановлением Научно-технического совета Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 10 декабря 2021 года № 36 «Об одобрении нормативных документов по ценообразованию в строительстве», **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемые:
 - 1) Технологическая карта на монтаж унифицированных конструкций фундаментов для стальных опор ВЛ;
 - 2) Технологическая карта на монтаж железобетонных центрифугированных сборных стоек для высоковольтных линий электропередач;
 - 3) Технологическая карта на монтаж чиллеров мощностью до 300 кВт;
 - 4) Техничко-нормировочная карта по монтажу оборудования систем видеонаблюдения в зданиях;
 - 5) Техничко-нормировочная карта по монтажу комплекса оборудования системы контроля доступа;
 - 6) Техничко-нормировочная карта по устройству внутренних систем электроосвещения зданий;
 - 7) Техничко-нормировочная карта по монтажу лестничных маршей и укладка плит лестничных площадок в бескаркасно-панельных зданиях;
 - 8) Техничко-нормировочная карта по герметизации горизонтальных и вертикальных стыков панелей наружных стен в бескаркасно-панельных зданиях;
 - 9) Техничко-нормировочная карта по монтажу плит перекрытий и элементов балконов в бескаркасно-панельных зданиях;

10) Техничко-нормировочная карта по сварке стыков полимерных трубопроводов диаметром от 100мм до 1000мм.

2. Управлению сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (далее – Комитет) в установленном законодательством порядке обеспечить размещение настоящего приказа на официальном интернет-ресурсе Комитета.

3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на курирующего заместителя председателя Комитета.

4. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания.

**Председатель Комитета по делам
строительства и жилищно-коммунального
хозяйства Министерства индустрии и
инфраструктурного развития
Республики Казахстан**



Т. Карагойшин